

**СССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ**

ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕ

**Совет
еріктілерінің
естеліктері
1925—1945**

**«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1977**

9(М)7

Қ 92

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘДЕБИЕТ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ

Қытай жерінде. Совет еріктілерінің естелігі
Қ 92 1925—1945. Алматы, «Қазақстан», 1976.
Тит беттің артында құрастырушы Ю В Чудодеев
359 бет


Бұл жинаққа қытай халқына оның революциялық және ұлт
ресінің түрлі кезеңдерінде туысқандық көмек көрсеткен совет
ның естеліктері енгізілген. Қытайға жіберілген совет адамдары іс-
Қытайға жіберілген совет адамдары іс-еген зор жұмыс
жауапты да қиын тапсырманы орындау кезінде көрсеткен
мен ерліктері жайлы білуге мүмкіндік береді

*Құрастырушы және жауапты редактор
Ю В. Чудодеев*

Н $\frac{10603-214}{401(07)-77}$ 53-76

© Главная редакция восточной литературы
издательства «Наука», 1974 г.

© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1977 ж.



044516

Соңғы кезде мемуарлық әдебиет Қытайда болған советтік еріктілердің көптеген естеліктерімен толыға түсті. Оларда екі халық достығының жарқын беттері көрсетілген, Советтер Елінің күрескер халыққа¹ интернационалдық көмегі жайлы айтылған 20 жылдары жарық көрген кейбір мемуарлар қайта басылды²

Бұл кітаптардың қаншалықты маңызды болғанын айтып жеткізу қиын

Естеліктердің авторлары қытай халқының өздері куә болған және тікелей қатысқан тарихи күресінің мән-жайын толығырақ көрсетуге көмектесумен бірге, біздің Қытайға берген көмегімізді жоққа шығаруға және оның себептерін қаралауға тырысқан кешегі және бүгінгі жалақорларды әшкерелейді. Уақиғаларға қатысушылардың әрбір жаңа айғағы біздер үшін өте-мөте құнды.

Осы жинаққа енгізіліп отырған естеліктер Қытайдың қазіргі заман тарихындағы шиеленісті кезеңдерді — 1925—1927 жылдардағы революцияны және 1937—1945 жылдардағы азаттық соғысты қамтиды. Авторлар — өздерінің интернационалдық борышын өтеп, қытай революциясы күрескерлерінің қатарында шайқасқан және қытай халқының жапон агрессиясына тойтарыс беруіне көмектескен советтік еріктілер

СССР-ден кеңесшілердің алғашқы тобы Сунь Ят-сеннің шақыруымен Қытайдың оңтүстігіне, Гуанчжоуға (Кантон) 1923 жылдың екінші жартысында-ақ келгені жұртқа мәлім. Олардың арасында азамат соғысының мектебінен өткен тәжірибелі әскери басшылар, әскери командирлер болды. Гуандунда құрылған Қытай Ұлттық-революциялық армиясының бас әскери кеңесшісі қызметіне 1924 жылы белгілі совет қолбасшысы В. К. Блюхер шақырылды (ол Қытайда Галин деген бүркеншік атпен жұмыс істеді). Сунь Ят сен жанындағы бас саяси кеңесші М. М. Бородин болды.

1925 жылдың көктемінде совет мамандары Қытайдың солтүстігіндегі Ұлттық армияларда да (Гоминь цзюнь) жұмыс істей бастады. Мұнда елімізде болған азамат соғысына қатысушылар — В. К. Путьна, В. М. Примаков, А. Я. Ляпин, кеңесшілердің Қалғандағы және Қайфындағы топтарын басқарған Г. Б. Скалов жіберілді. Олардың қызметкерлері ара-

сында Ұлттық армияларда атқарған қызметі туралы естеліктері осы кітапқа енгізіліп отырған А. Я. Климов пен С. Н. Наумов болды.

Солтүстік милитаристері әскерлерінің ыдырауы және ұлттық, объективті антиимпериалистік күрес жолына түскен, Фэн Юй-сян бастаған Ұлттық армиялардың қалыптасуы милитаристік сұрқия топтар арасындағы үйреншікті қырқысулардың нәтижесінде ғана болған жоқ, олар ең алдымен, Қытайдағы революциялық, ұлт-азаттық қозғалыстың нақты өрістеуін көрсетті. Ұлттық армиялар орналасқан жерлерде кәсіподақтардың қызметі қалпына келтірілді, гоминьдандық ұйымдар пайда болды. Солай бола тұрса да, бұл армиялар басшыларының (Фэн Юй-сян, Ху Цзин-и, Юэ Вэй-цзюнь және басқалары) санасындағы бұрынғы милитаристік сарқыншақ олардың халық ісі жолында табанды күрескер болуларына кедергі жасады. Ал, бұл жағдай советтік кеңесшілердің жұмысын өте-мөте қиындатты. Олар солтүстікте Гуандундағыдан әлдеқайда ауыр жағдайда қызмет атқарды. Естеліктері басылып отырған авторлар бұл туралы нақты баяндайды. Әр армияның басшылығы азаттық қозғалысының міндеттеріне сай келе бермейтін өз мүдделерін басшылыққа алады. Әскери бөлімдердің жергілікті шаруалармен қарым-қатынасы шиеленісті. Милитарист У Пэй-фудің әскерлері 1926 жылдың көктемі қарсаңында Ұлттық армиялардың бірін (Юэ Вэй-цзюнь басқарған 2-армия) күл-талқан етіп, жойып жіберді. Ұлттық армиялар антиимпериалистік қозғалыс арасындағы байланысынан бірте-бірте айрылды. Алайда олар солтүстіктегі контрреволюцияның басты күші болып табылатын милитарист Чжан Цзо-линьнің армиясына бұрынғысынша қарсы тұрумен болды. Осындай жаңа жағдайда Совет үкіметі Ұлттық армияларға көмекті тоқтатпауға, сөйте тұра солтүстіктегі совет аппаратын азайтуға және Солтүстік жорыққа белсене әзірленіп жатқан Қытайдың оңтүстігінде кеңесшілер тобын нығайтуға шешім қабылдады.

Ұлттық-революциялық армияның (Гуанчжоудағы) жанындағы оңтүстік қытай кеңесшілерінің тобына енген советтік еріктілердің арасында осы жинақта жарияланып отырған материалдардың авторлары: жалпы әскери кеңесшілер Е. В. Тесленко, И. П. Шуванов, артиллерия кеңесшісі Т. С. Бородин де болды. Олар 1926—1927 жылдардағы кезенді тұтас қамтитын өздерінің естеліктерінде Ұлттық-революциялық армияның солтүстік милитаристер армиясына қарсы Солтүстік жорығын әзірлеуі және өткізуі туралы, сондай-ақ 1927 жылдың апреліндегі чанқайшилік төңкерістен кейінгі уақиғалар жайлы баяндайды.

Ұлттық-революциялық армияның Солтүстік жорығы 1925—1927 жылдардағы революцияның маңызды оқиғасы болды. Милитаристерді қиратып, Қытайды біртұтас демократиялық мемлекетке біріктіру мақсатымен революциялық әскерлер сол кездің өзінде-ақ революцияның территориялық базасы құрылған Гуандун провинциясынан 1926 жылғы июльде солтүстікке қарай бет алды. 1926 жылдың күзінде Ұлттық-революциялық

армия Янцзының жағасына жетті Орталық Оңтүстік Қытайдың ірі қаласы — Ухань азат етілді Қытайдың ұлттық үкіметі Гуанчжоудан осында көшіп келді

А И Черепанов пен А В Благодатовтың зерттеу сипатында жан-жақты жазылған салауатты мемуарлары жарық көргеннен кейін Солтүстік жорық жайлы тіпті соған тікелей қатысушылардың өздері де бұған бір жаңалық қосуы мүмкін емес сияқты көрініп еді Алайда, Т С Бородиннің, Е В Тесленконың және басқа кеңесшілердің жинақта жарияланып отырған естеліктері біздер үшін ең алдымен жекелеген мәселелерді нақты ашып көрсететіндігімен қызықты Т С Бородин Ұлттық-революциялық армияның артиллерия кеңесшісі болды Ұлттық революциялық армияның оның тікелей қатысуымен даярланған артиллерия кадрлары, алғаш құрылған құрамалары Солтүстік жорықта маңызды роль атқарды

Жинақтағы «Қытайдың оңтүстігінде» деп аталатын естеліктің авторы И П Шувалов Солтүстік жорыққа тікелей қатыспаған Ол Гуанчжоуга жорық басталып кеткеннен кейін келді және Гуанмунда орналасқан бөлімдерде қызмет етті Оның совет әскери кеңесшісінің үйреншікті күнделікті жұмысы туралы баяндайтын естелігі Н И Кончица жарияланған «Қытай күнделіктерінің» өзіндік жалғасы іспетті Олардың үйреншікті қызметінен кешегі милитаристердің үнсіз қарсылығына қарамастан әскерлерді табандылықпен үйреткен және бандалар тобына қарсы операцияларға тікелей қатысқан, өзінің сөзімен де, жеке басының үлгісімен де революциялық майданды нығайтып отырған кеңесшінің кейде қауіп-қатерге толы күн сайынғы қызу еңбегі көрінеді

Е В Тесленко 1927 жылы тамаша қытай коммунисті Е Тин басқарған дивизияда жұмыс істеді Оның Е Тин³ жөніндегі естелігі 1925—1927 жылдардағы революцияның Чан Кай шидің сатқындығына, реакцияшыл генералдардың (Ся Доу инь мен Сюй Кэ сянің) Ухань үкіметіне қарсы бүлікшілігіне, үкіметтің Чан-Кай шимен сөз байласу жолына ауытқуына, ақырында революцияға берілген әскерлердің контрреволюцияға (1927 жылғы 1 августағы Наньчань көтерілісі) қарсылық білдіруге байланысты болған қайғылы зардаптарын еске түсіреді

Біздің тарихи және мемуарлық әдебиетімізде М М Бородиннің және оның кеңесші аппаратының қызметі осы күнге дейін толық жазылмауы өкінішті ақ Бұл тақырып әлі де зерттелуі керек А И Черепановтың, М И Казаниннің естеліктері осының бастамасы болды, Р А Мирвицкая⁴ М М Бородиннің Қытайдағы қызметі туралы қысқаша очерк құрастырды

1925—1927 жылдардағы қытай революциясының бүкіл өркендеу кезеңдерінде саяси кеңесші ретіндегі М М Бородиннің атқарған ролі ерекше зор болды (ол Гуанчжоуга 1923 ж октябрьде келіп, Уханьнан 1927 жылғы 16 июльде Отанына кетті)

Бородиннің қандай жағдайда қызмет еткенін сипаттай келіп, А. И. Черепанов былай деп жазды: «Ұлттық революцияның үкіметінде және гоминьданның революциялық тобында өз дәрежесінің елеулі екеніне қарамастан ол Сунь Ят-сен шақырып алдырған кеңесші ғана болды. Ол мәліметтері жеткіліксіз, өз ісін жетік білетін көмекшілері аз, бұқарамен кең араласуға мүмкіндігі жоқ, Москвамен үнемі байланыс жасап отыра алмайтын, т. б. жағдайда қызмет етті. Ақырында оған революциялық кадрлардың пісіп жетілмегендігі әрі аздығы, әртүрлі топтар мен уклондардың өмір сүруі, ұсақ буржуазиялық тенденциялар ықпалының күштілігі сияқты нақты факторлармен де есептесуге тура келді. Осылардың бәрін еске алған кезде сол қиыншылықтарға қарамастан М. М. Бородиннің Қытайда атқарған қызметіне разы болып, оған деген құрмет сезіміне бөленесің»⁵.

Бородиннің аппаратына еніп, М. И. Казаниннің сөзімен айтқанда «ақылдылар тресі» аталған (Тарханов, Иолк, Волин, т. б.) жас теоретиктердің, аграрлық және жұмысшы қозғалысы саласындағы мамандардың шағын тобынан басқа бас саяси кеңесшіге ұлттық үкіметтің шақыруымен келген ленинградтық профессор В. М. Штейннің басқаруындағы финанс кеңесшілері де бағынды. Жарияланып отырған М. Е. Шастын естелігі кеңесші аппарат қызметінің осы бір беймәлім жағын қамтиды. М. М. Бородиннің жеке басына байланысты қызықты пікірлер мен бақылауларына, біздің кеңесшілермен кездесулеріне, 1927 жылдың көктемі мен жазындағы Уханьдағы жағдайға қоса М. Е. Шасс Уханьдағы финанстық дағдарыс жайлы және біздің мамандар ұсынған шаралардың көмегімен оның қалай жойылғаны туралы деректер келтірген.

Совет еріктілері қытай революциясына ақырына дейін адал болды. Тіпті Чан Кай-шидің сатқындығынан кейінгі қауіпті жағдайлардың өзінде де олар әлі де үміт үзуге болмайды, революцияны сақтап қалуға мүмкіндік әлі де бар деп есептеп, өз жұмыстарын жалғастыра берді. 1927 жылдың жазында Уханьда солшыл гоминданшылардың сатқындығы бұл үмітті үзді. Совет адамдарының Қытайда болған соңғы айлары контрреволюциялық террордың зардапты толқынына тап келіп, жиі-жиі адам өміріне қауіп төндірумен болды. Олардың осы шиеленісті кезеңдегі қызметіне байланысты сәттер жарияланып отырған естеліктердің жарқын беттері болып табылады.

Жинақтың А. И. Черепановтың естелігімен ашылатын екінші бөлімі оқушыларды басқа кезеңмен — қытай халқының жапон агрессиясына қарсы күрес кезеңімен (1937—1945) таныстырады.

Совет Одағы дәл сол жылдары да халықаралық аренада Қытайды табандылықпен қорғап, сондай-ақ күрескер қытай халқына моральдық, экономикалық және әскери көмек көрсетті. Қытай халқының ұлт-азаттық күресі өз тарапынан агрессорлардың дүние жүзіндегі алғашқы социалистік мемлекетке қарсы соғысқа әзірленуіне белгілі дәрежеде бөгет жасады. Социализм күштері мен ұлт-азаттық қозғалысының ортақ жауы —

империализмге қарсы дүние жүзілік аренада бірлесіп қимылдау жөніндегі тарихи заңдылығы осындай өзара көмектен айқын көрінді

Гоминьдан үкіметінің кінәсынан СССР-мен 1929 жылы үзілген дипломатиялық қатынастың қайтадан қалпына келтірілуінің (декабрь 1932 жыл) Қытай үшін ерекше маңызы болды. Бейбітшілікке ұмтылу және Қиыр Шығыста қауіпсіздікті баянды ету мақсатын әр уақытта басшылыққа алған Совет Одағы ол кезде ұлттар лигасынан агрессорды ауыздықтау жөнінде тиімді шаралар қабылдауды талап етті. Бұл аудандарда жапон агрессиясын тоқтатуға СССР мен Қытайдың біртұтас майданы ғана кепілдік бере алатын еді. Сондықтан Қытаймен дипломатиялық қатынасты қалпына келтірісімен-ақ, Совет үкіметі өзара шабуыл жасаспау жөніндегі совет-қытай келісіміне келу мәселесін күн тәртібіне қойды. Мұндай келісім ол кезде Қытайдың халықаралық жағдайын нығайтуға, СССР-мен байланысын дамытуға игі әсерін тигізетін еді.

Алайда агрессорды «татуластыратын» бас июшілік саясат жүргізген гоминьдан үкіметі Совет Одағымен қатынасты шындап жақсартуға ұмтылған жоқ және социализм елдерінің қытай халқынын патриоттық күштеріне тигізер әсерінің күшеюінен қорқып, мұндай келісімге қол қоюдан бас тартты. Тек 1937 жылғы 7 июльде Қытайға қарсы агрессия кеңінен басталғаннан кейін және елдегі патриоттық қозғалыс бұрын-соңды болып көрмеген көлемде кең өрістеген соң ғана Чан Кай-ши үкіметі өз бағытын өзгертуге мәжбүр болды. 1937 жылғы 21 августа СССР мен Қытай арасында өзара шабуыл жасамау жөніндегі келісімге қол қойылды. Бұл сол кезде басталған соғыс жағдайында Қытайдың жағдайын нығайтатын шын мәніндегі бірден бір халықаралық-праволық документ болды. Шабуыл жасамау туралы келісімге қол қойылысымен-ақ Совет Одағы Қытайға материалдық жағынан да көмек көрсетті. Қытайға берілетін 50 млн доллар мөлшеріндегі алғашқы совет кредиті жөніндегі келісім 1938 жылдың мартында ғана жасалса да, Қытайға қару-жарак жеткізу 1937 жылғы октябрьде-ақ басталды. Мұның өзі, әсіресе Қытай үкіметінің өкілдері қандай да болсын көмек алу мақсатында⁶ батыс мемлекеттерімен ешбір нәтижесіз келіссөз жүргізіп жатқан жағдайда көрсетілгендіктен де халықаралық тәжірибедегі теңдесі жоқ оқиға болды.

1938 жылғы июльде және 1939 жылғы июньде Москвада тиісінше 50 млн. және 150 млн доллар мөлшеріндегі жаңа кредит туралы совет-қытай келісіміне қол қойылды. Ел үшін ең бір қиын кезең, сын сағатта берілген советтік кредит есебінен Қытай қару-жарак, ок-дәрі, мұнай өнімдерін, дәрі-дәрмек алды. 1938—1940 жылдары Алматыдан Синьцзян арқылы Ланьчжоуға дейін тартылған автотракт, соғыстың бастамасында қытай жағалауында толық блокада орнатылуына байланысты, шын мәнінде Қытай үшін өмір жолына айналды.

Қытай жағының өтінішіне жауап ретінде СССР үкіметі Қытайға әскери кеңесшілер, мамандар және ерікті ұшқыштар жіберуге келісті. Соғыстың алғашқы кезінде «өмір жолы» арқылы қару-жарак және басқа

жүктердің жеткізілуін қамтамасыз еткен совет адамдарымен қатар, көптеген совет еріктілері қытай жауынгерлерімен бірге майданда қоян-қолтық соғыс жүргізді. 1937 жылдың аяғында-ақ советтің ерікті ұшқыштары Қытайға келіп, соғыстың алғашқы кезеңіндегі басты соққыға қайыспай қарсы тұрды. Совет ұшқыштары Қытай аспанындағы өздерінің батыл да табанды қимылдарымен жаудың әскери-әуе күштеріне елеулі соққы берді. Жердегі армиялардың қимылдарын әуеден қолдай отырып, олар мыңдаған бейбіт азаматтарды өлімнен сақтап қалды, қытай қалаларын жапон авиациясының шабуылынан қорғады.

Алғашқы тобы Қытайға 1938 жылдың июнінде келген құрлықтағы әскерлердің советтік әскери кеңесшілері де күресіп жатқан Қытайға елеулі көмек көрсетті. Олар жапон шабуылына тойтарыс беру операцияларының жоспарларын жасауға көмектесті, қытай әскерлерін басқыншыларға қарсы пәрменді жауынгерлік ұрыстар жүргізуге үйретіп, әзірледі. Қытайға жіберілген әскери кеңесшілердің ішінде В. И. Чуйков, П. С. Рыбалко, П. Ф. Баницкий, А. И. Черепанов, А. Я. Калягин және басқа көптеген көрнекті әскери бастықтар болды.

Жапонияға қарсы соғыстың тылы мен майданында 1937 жылдың күзінен советтік кеңесшілер мен мамандар Қытайдан кеткен 1942 жылдың басына дейін бес мыңнан астам совет адамдары⁷ еңбек етті және соғысты. Олардың көпшілігі қытай халқының бостандығы жолында өз өмірлерін қиды.

Совет Одағының Қытайға көмегі әскери жәрдеммен ғана шектеліп қалған жоқ. Бұл көмек біртұтас ұлттық майданды құрып, сақтауда әсіресе соғыстың алғашқы төрт жылында ерекше маңызды роль атқарып, елдің ішкі саяси жағдайына елеулі әсер етті. Көмек жөніндегі СССР-мен келісімнің және гоминьдан басшылығының біртұтас майдан құру туралы іс жүзінде 1937 жылдың сентябрінде бекітілген ресми мәлімдемесінің арасындағы өзара байланыс айдан анық. Бұл А. Я. Калягиннің осы жинақтағы мақаласында әбден айқын көрсетілген. Қытай халқының қарсыласу күшін арттырған біртұтас майданның арқасында жапон империализмі «қауырт» соғыс жоспарын Қытайда жүзеге асыра алмады. Біртұтас майдан патриоттық күштердің Гоминьданның басқарушы тобына қысымды күшейтуіне мүмкіндік берді. Біртұтас майдан Қытайдың революциялық күшін, ең алдымен, Қытай Компартиясы және оның бақылауындағы армияны нығайтуда маңызды роль атқарды. Осы факторлардың барлығының арқасында, гоминьдан басшылығының біртұтас майданды талқандауға тырысқан әрекеттеріне қарамастан, Қытай бүкіл соғыс бойына халықтың бірлігін сақтап қалды және ішкі қақтығыстарға жол бермеді.

Қытай халқының ұлт-азаттық соғысына қатысушылар, осы жинақта жарияланып отырған естеліктердің авторлары А. И. Черепанов, А. Я. Калягин, С. В. Слюсарев, С. П. Константинов шайқасып жатқан Қытайды көз алдымызға әкеледі. Олардың бәрі де сол жылдар уақиғаларының

қалың ортасында болып, агрессорларға қарсы соғыс қимылдарына тікелей қатысқандар.

Александр Иванович Черепановты Қытай революциясының ардагері деп атауға әбден болады. Оның Қытайдағы кеңесшілік кезеңін қамтитын (1923—1927) мемуарлары совет оқырмандарына жақсы таныс. Жапон-қытай соғысы басталған кезде А. И. Черепанов партия тапсырмасымен қайтадан Қытайға барып, 1938—1939 жылдары қытай армиясының бас әскери кеңесшісі болып істеді. Осы кітапқа енген оның естеліктері жапон-қытай соғысының ең ірі операцияларының бірі — Ухань түбіндегі шайқасқа (июнь—октябрь 1938 ж.) арналған. Бұл шайқаста советтік әскери мамандардың қолбасшылық өнері ерекше айқын көзге түсті. Соғыстың барысында қытай армиясын толық күйрету жөніндегі жапон жоспарларының күл-талқаны шыққан Ухань операциясы соғыстың елеулі бетбұрыс кезеңдерінің бірі болғанын А. И. Черепанов орынды бағалайды. Дегенмен естелік материалы, жалпы алғанда, едәуір кең: автор бізді елдегі жағдаймен егжей-тегжейлі таныстырады, қытай армиясының хал-жағдайын, т. б. баяндайды, оқушыға бұрыннан таныс А. Я. Калягиннің мемуарларын толықтыра түседі.

Советтік ерікті ұшқыштардың көптеген операцияларын, күшті жаумен әуедегі кескілескен ұрыстарды суреттеген жерлерді Қытайда бомбалағыш авиацияны басқарған генерал-лейтенант С. В. Слюсаревтің естелігінен де табамыз. Біздің ұшқыштардың күнделікті өмірі туралы 1938—1939 жылдары Қытайдың ұшқыштар бөлімдерінде ерікті дәрігер болып қызмет істеген С. С. Белолипецкий де өз естелігінде жазған.

Біздің көмегіміз өз тәуелсіздігі жолындағы күресте қан төккен халыққа берілді. Олармен бірге совет адамдары да аянбай шайқасты. 1939 жылдың аяғында Гоминьдан үкіметі қытай коммунистерінің бақылауындағы Азат етілген аудандарға шабуыл жасаған кезде, СССР Қытайға әскери жәрдем беруді тоқтатты. Совет Одағы қытай халқына көмектесті және бұл жәрдемнің елдің прогресшіл күштерін тұншықтыруға пайдалануына жол бермеді. Гоминьдандықтар 1942 жылдың мартында Азат етілген аудандарды тағы қыспаққа ала бастағанда Совет үкіметі барлық кеңесшілерін Қытайдан қайтарып алды.

1945 жылдың жазында антифашистік одақтың, ең алдымен Совет Одағының біріккен күш-жігерінің арқасында жапон империализміне қирата соққы беріліп, бұл оны сөзсіз тізе бүгуге мәжбүр етті. Жапонның Қвантун армиясын тас-талқан еткен Совет Армиясының азат ету миссиясының нәтижесінде қытай революциясының біржола жеңуі үшін қолайлы жағдай жасалды. Совет әскерлері Қытайдың Солтүстік-Шығыс территориясында болған кезде, бұл жерлерде халықтық өкімет органдары құрылды. Совет Одағымен тікелей шектесетін бұл ауданда қытай революциясының құрулы күштеріне берік тыл қамтамасыз етілді. Ұлт-азаттық армиясы гоминьданмен шешуші шайқас алдында қайта қалыптасуға

және совет әскерлері қолға түсірген олжаның есебінен өзінің қару-жарағын едәуір толықтыруға мүмкіндік алды.

Бұл кезеңде советтік әскери әкімшілік солтүстік-шығыстың тұрғындарына он төрт жылға созылған басқыншылықтың зардаптарын жою жолында зор көмек көрсетті. Ол қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруге жәрдемдесті, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге, бандалармен күрес жүргізуге, жаңа әкімшілік органдарын құруға қамқорлық жасады. 1945—1946 жылдар Мукденнің (Шэньян) советтік коменданты, генерал-майор А. И. Ковтун-Станкевичтің осы жинақтың соңындағы естелігінде осылар туралы айтылған.

Гоминьдан өкіметі өз бөлімдері келгенге дейін совет әскерлерінің солтүстік-шығыс территорияда болуын ұзарта түсуге, сөйтіп, біздің әскерлерді өздерін ұлт-азаттық армиядан қорғап қалатын қалқан ретінде пайдалана тұруға тырысып бақты. Совет үкіметі чанкайшишілдердің зұлымдық жоспарларын іске асырмады: 1946 жылғы майда Совет Армиясының бөлімдері Қытайдың солтүстік-шығысынан толық шығарылды.

Жинаққа енген естеліктер қытай революциясы дамуының, қытай халқы ұлт-азаттық күресінің көптеген маңызды мәселелерін қамтиды. Олар біздің партиямыздың интернационалдық саясатты жүйелі түрде жүргізіп келгенін айқын дәлелдейді. Жинақтың беттерінен өзі өте қиын жағдайда жұмыс істей жүріп, қытай халқының бостандық жолындағы күресіне көмектескен совет адамының — интернационалистің, интернационалист-халық өкілінің бейнесі толық тұлғасында көз алдына келеді. Жарияланып отырған естеліктердің авторларына қытай халқы әрі жақын әрі қымбат. Өйткені олар осы халықты азат ету үшін Отанынан мыңдаған километр жерге сапар шеккенді. Бұл халықтың кедейшілігі, правосыздығы олардың жанын түршіктірді және осы халықтың қайсарлығы мен ақтық демі біткенше күресуге деген шешіміне бас иді. Біздің алдымызда тарихи документтер, көзімен көргендердің айғақтары ғана емес, ойлап қарасаңыз, совет адамы жүрегінің күнделігі жатқандай.

Сөз жоқ, жинақ Қытай тарихының саяси және әскери оқиғаларға толы өте маңызды кезеңдерін толық баяндай алмайды. Солай бола тұрса да, оның пайдалы екендігіне күмән жоқ, өйткені оның авторлары екі халықтың достығы шындалған сол жылдардың ауыр да қиын жағдайларын бізге дәл жеткізеді. Ал бұл достықтың болашағы алда.

Ю. Чудодеев

ЕСКЕРТУЛЕР

¹ Қараңыз: «Совет еріктілері 1923—1927 жылдардағы Қытайдағы Бірінші азаматтық революциялық соғыс туралы. Естеліктер». М. 1961; А. И. Черепанов. Қытайдағы әскери кеңесшінің жазбалары. Бірінші

азаматтық революциялық соғыстың тарихынан (1924—1927), М., 1964; В. В. Вишнякова-Акимова. Көтерілген Қытайдағы екі жыл. 1925—1927. Естелік, М., 1965; М. И. Казанин. Блюхердің штабында. 1925—1927 жылдардағы қытай революциясы туралы естелік. М., 1966; П. Г. Козлов. Қытай аспанында. Ұшқыштың естелігі, М., 1966; А. И. Черепанов. Қытайдың Ұлттық-революциялық армиясының солтүстік жорығы (әскери кеңесшінің жазбалары). М., 1968; А. Я. Калягин, Бейтаныс жолдармен (әскери кеңесшінің естелігі), М., 1969; Н. И. Конциц. 1925—1926 жылдардағы Қытай күнделігі, М., 1969; А. В. Благодатов. 1925—1927 жылдардағы Қытай революциясы туралы жазбалар. М., 1970.

² Қараңыз: В. М. Примakov, Волонтердің (өзі тіленіп әскерге барушы — *Ред.*) жазбалары. Қытайдағы азамат соғысы. М., 1967. Бұл естеліктің алғашқы басылымы жасырын атпен шықты: Г. Аллен, Волонтердің жазбалары, Л., 1927.

³ Олар «Қытайдағы советтік еріктілер» жинағындағы Е. В. Тесленконың «Гуанчжоудан Уханьға дейін» (96—125 беттер) деген атпен бұрын жарияланған естелігінің жалғасы болып табылады.

⁴ Р. А. Миrowицкая, Михаил Бородин (1884—1951),—«Көрнекті совет коммунистері — Қытай революциясына қатысушылар» М., 1970, 22—40-беттер.

⁵ А. И. Черепанов. Солтүстік жорық..., 293-бет.

⁶ Қараңыз: «Қытай жөніндегі СССР-дің лениндік саясаты», М., 1968, 99-бет.

⁷ Бұл да сонда, 106-бет.

2-ҰЛТТЫҚ АРМИЯДА

1924 жылдың аяғы мен 1925 жылдың басында Солтүстік Қытайда Халықтық (Ұлттық) деп аталатын армиялар құрылды. Олардың пайда болуы, бір жағынан, милитаристік сұрқиялар тобының арасындағы жанжалдың күшеюінің салдары болса, екіншіден — Қытайда революциялық, ұлт-азаттық күрестің өрістегенін көрсетті.

1927 жылдың жазында милитаристердің чжилийлік (У Пэй-фу — Цао Кунь) және мукдендік (Чжан Цзо-линь) сұрқиялары арасындағы кезекті соғысы (Екінші мукден соғысы деп аталатын) тұтанды. Бұл кезде Л. М. Қарахан бастаған совет елшілігі Пекинде болатын. Сунь Ят-сеннің шақыруы бойынша М. М. Бородин мен П. А. Павлов бастаған советтік кеңесшілер Гуанчжоуға келді.

1924 жылғы 22 октябрьде У Пэй-фу мен Фэн Юй-сянге жақын жүретін генералдардың бірі Чжан Цзо-линьге қарсы майданды тастап шығып, күтпеген жерден Пекинді басып алды және президент Цао Куньді — чжилийлік топтың «азаматтық» басшысын тұтқындады. Ол жолшыбай чжилийлік сұрқиялардың асырауындағы бұрынғы қытай императоры Пу Иді¹ сарайдан қуып шықты. Гомиьндандар жағына шыққаны туралы мәлімдеме жасаған Фэн Юй-сян өзін Сунь Ят-сеннің жақтаушысымын деп жариялады. Астаналық округ пен ішкі Монголияда тұрған оның армиясының негізгі күштері 1-Ұлттық армия деп аталды. Фэн Юй-сян армиясының генерал Ху Цзин-и басқарған басқа тобы оңтүстікке шабуылды жалғастыра отырып, У Пэй-фу әскерлерінің қалдығын Хэнань провинциясынан қуып шықты және 2-Ұлттық армия деп аталып осында тұрақтап қалды. Генерал Ху Цзин-и осы провинцияның дубаны (әскери губернаторы) болды. Ақырында генерал Сунь Юэ бастаған әскер батысқа бет бұрып, У Пэй-фуді Шэньси провинциясынан тықсырды, сөйтіп 3-Ұлттық армия атанды.

1924 жылғы ноябрьдің басында одаққа уақытша енген

милитаристердің конференциясы болды. Пекинде Чжан Цзо-линь мен Фэн Юй-сянді жақтаушылардан коалициялық үкімет құрылды. Екі жақ президент тағын аньфуистік сұрқиялар тобының басшысы генерал Дуань Ци-жуйға ұсынуға келісті. Ұлт-азаттық қозғалыстың күшеюімен және Сунь Ят-сеннің зор беделімен есептесуге мәжбүр болған Дуань Ци-жуй, Фэн Юй-сяннің талап етуі бойынша, Қытайды бейбіт жолмен біріктіру туралы келіссөз жүргізу үшін Сунь Ят-сенді Пекинге шақырды. Қайта құру деп аталатын арнаулы конференция шақыру белгіленді. Оған елдің көрнекті мемлекет қайраткерлерінің бәрі қатысуға тиіс болды.

Міне, дәл осы кезеңде, 1925 жылғы январьдың басында мен Пекинге келдім. Бірден-ақ, 1922 жылдың өзінде Қытайда бірге болған көптеген жолдастарды, оның ішінде біздің елшіліктің әскери атташесі А. И. Геккерді кездестірдім².

Көп кешікпей мені Л. М. Карахан қабылдады³. Әңгіме ұзаққа созылды. Карахан менің жұмысыма да, Қиыр Шығыста азамат соғысына қатысқаным да көңіл аударды. Сөз арасында менен Қытай жөнінде сынақ алынды. Осыдан кейін Карахан маған Хэнаньдағы Ху Цзин-идің 2-Ұлттық армиясына саяси кеңесші болып баруды ұсынды. Ол Ху Цзинь-и туралы да, осыдан бірнеше ай бұрын ғана пайда болған У Пэй-фудің әскерін өкшелей қуып, Хэнаньға бет алған 2-Ұлттық армия туралы да елшілікте аз білетінін айтты.

Карахан Ху Цзин-идің өз қабылдауында болғанын, оның саяси және әскери кеңесшілер⁴ жіберуді сұрағанын айтты. Әскери кеңесшілер туралы мәселе әзірге шешілген жоқ, деді Карахан, өйткені біз Ху Цзин-и армиясының қандай пиғылда екенін білмейміз. Сіздің міндетіңіз, деді ол, Хэнаньдағы жағдаймен жақынырақ танысып, барлығын да анықтау болып табылады. Қытайдың істеріне араласпаңыз, өздері сұраса ғана өз ұсыныстарыңызды жасаңыз. Ал қытайлықтар өздерінше жасағылары келетін болса, оған қамықпаңыз.

Осы әңгімеден кейін екі апта өткен шамасында Геккер менің кешке өзіне кіріп шығуымды сұрады. Геккер және аудармашы Васильев үшеуміз елшіліктен машинамен шықтық. Мен қайда бара жатқанымызды білгенім жоқ. Көп кешікпей машина Пекин вокзалына бұрылды да тура платформаға шықты. Соңғы вагонның қасына тоқтадық. Біз орналасып болысымен-ақ поезд қозғалды. Ху Цзин-и армиясында бірге жұмыс істеуге тура келетін барлық жолдастардың бәрімен вагонда танысып алдым. Олардың ішінде

Ли Да-чжаоның тапсырмасымен 2-Ұлттық армияда жұмыс істеу үшін Пекиннен бізбен бірге шыққан коммунист Фань да болды.

Танертен, Хуанхэ өзені арқылы салынған үлкен ағаш көпірден өтіп, біз Чжэнчжоуға келдік. Бізді армия қолбасшысының өзі күтіп алады деп ескерткен болатын.

Кешікпей мейлінше толықша келген генерал келді. Бұл Ху Цзин-и еді. Ол бізбен танысып, Лоян түбіндегі майданға бара жатқанын хабарлады және біздің топқа өзімен бірге жүруді ұсынды. Майданға Геккер, Браиловский және аудармашы Васильев аттанды. Қалғандарымыз, оның ішінде мен де, Қайфындағы Ху Цзин-идың штабына баруға жолға шықтық. Біздің 2-Ұлттық армиядағы қызметіміз осылай басталды.

Біз ең алдымен штабтың жұмысымен танысып, соғыс жағдайын дәл анықтау қажет деп ұйғардық. Мұны орындау өте қиын болып шықты. Барлығы да ұзын құлақ хабарға негізделген. Екі аптадан соң менің істес жолдастарым келіп былай деді: ештеңе түсінуден қалдық — біз қиратып жатырмыз ба әлде, яки олар бізді қиратып жатырма, білмейміз... Осы хабардан соң өзім майданға барып, жағдайды анықтауға ұйғардым.

Біраз уақыттан кейін арнаулы поезд әзір болды, мен майданға баруға мүмкіндік алдым. Вокзалда саудагерлер, буылған заттарымен әйелдер, қыздар толып жүр, шетелдік миссионерлер де көп-ақ. Ойдағыдай жүріп келеміз. Бірақ, Чжэнчжоуға келгенде, алда соқтығыс болғандықтан поездың ілгері жүре алмайтынын білдік.

Ху Цзин-идың ставкасымен байланыс жасап, мен кеңесшілердің бірінің аппаратқа келуін сұрадым. Жарты сағаттан кейін Геккер келіп, 2-Ұлттық армияның У Пэй-фудың әскерін талқандап үлгіргенін, бүгін Лоянды азат ететінін және кеңесшілердің майданнан кері қайтатынын хабарлады.⁵ Геккер маған сол келген поезымен соқтығыс болған жерге дейін жүре беруді ұсынды, ал олар біз барғанша батыстан сол араға келетін болды.

Бір жарым сағаттан соң іші бос дерлік біздің поезымыз батысқа қарай қозғалды. Біз коммунист Фан екеуміз бірге келе жатырмыз. Соқтығыс болған жерде арғы жақтан келген жолдастар біздің поезға ауысып отырды. Біздер кейін Чжэнчжоуға қайттық. Станцияда құрметті қарауыл қойылып, музыка ойналып, салтанатты түрде қарсы алды.

Жол бойы Геккер маған соғыс қимылдарының қалай өткені туралы айтып берді. Солдаттар жауында ұстайтын

қолшатырлармен «қаруланған». Түскі тамақ пен түнгі демалысты соғысушы екі жақ та мұқият сақтап отырған. Артиллерия тек қана ашық позициядан атқылаған. Зеңбіректі сүйретіп шығарады да, дұшпанды атқылайды, ал кейін оны қайгадан жасырады.

Геккер соғыс операциялары барысында лақап таратудың қаншалықты роль атқарғанын мысқылдай отырып әңгімелейді. Олар екі апта бойына Лохэ өзені бойында, Ху Цзин-идің бөлімдері өзеннің бір бетінде, жау әскерлері — екінші бетінде тұрған. Өзенді бір ғана темір жол көпірі жалғастырады. Ол көпірді ешкім атқыламады да, бұзылмады да. Сондықтан да ол арқылы атака жасауға болатын еді. Бірақ, екі жақ та атакаға шығуға бата алмады. Міне, дәл осындай жағдайда біреуі біз пәлен уақытта шабуылға шығамыз деген лақап таратады. Екінші жағы да қалыспайды: біздің күшіміз басымырақ, біз де пәлен уақытта атака бастаймыз,— дейді. Сөйтіп осылайша бірін бірі қорқытады. Кім бұрын үрейленсе — сол шегінеді. Ал, содан кейін тыныштық орнамақ.

Ақырында мұның бәрі А. И. Геккерді жалықтырды да, ол әскери совет шақыруды ұсынады. «Мен оларға мұндай жағдайда: атқылау нүктелерін құрту керектігін, артиллерияның қолдауымен көпірге шабуыл жасап, көпір арқылы өзеннің екінші жағына шығу керектігін айттым». Әскери советте: әскерлерді кім бастайды?— деген сұрақ қойылды. Геккер: «Несі бар, тіпті мен-ақ бастайын»— деген ұсыныс жасады. Ху Цзин-и ыңғайсызданып қалды... Артиллериялық әзірліктен кейін әскер көпір арқылы өзеннен өтті. Жау қаша жөнелді.

Лоянды алғаннан кейін Ху Цзин-и біздің құрметімізге қонақасы жасады. Мұнда да ыңғайсыз жағдайлар болды: біз залға кіргенімізде, алғаш рет естігеніміз «Патшаны сақта, құдай» гимні болды. Біз тұрып қалдық. Біздің ыңғайсызданып қалғанымызды сезіп қалған Ху Цзин-и оның себебін білгеннен кейін оркестрдің талқанын шығара жаздады. Содан соң ол кешірім сұрап, өзінің орыс гимнін табуға бұйрық бергенін, ал олардың сондағы тапқаны осы болғанын... түсіндірді. Оларда «Интернационал» жоқ екен, біз оны жіберуге уәде еттік.

Жалпы Ху Цзин-и қызық мінезді және дарақылау адам еді. Ол шешім қабылдауға асықпайтын. Бір күні тамақ кезінде біз мынандай бір көріністің куәсы болдық. Штаб офицерлерінің бірі оған мәлімдеп жатқанда ол... қалғып кетті. Әрине, оның толық келген денесіне қарағанда,

әрі таңғы сағат 5 болғандықтан бұған таңғалатын да ештеңе жоқ еді. Бақсақ, ол жиі-жиі осылай етеді екен. Қиын-қыстау кездерде ол қалғып отырған сияқты көрінетін. Ал, мәлімдеме жасаушы кетісімен-ақ генерал сол бойда көзін ашатын.

Миссионерлер де Худы төңіректен жүретін. Бір күні бізге дубаньның өзінің шетелдік достарының құрметіне түскі қонақасы бергісі келетінін хабарлады. Біз оның мекен-жайына келгенімізде онда күтпеген жерден көп қонақты — алпысшақты адамды кездестірдік. Олар француз, ағылшын, американдық, итальян, неміс миссионерлері екен.

Кейін анықталғанындай, миссионерлер біздің кім екенімізді білуге мықтап құмартыпты. Большевиктер ме? Бірде бұл туралы кеңесші Браиловскийден ашық сұрапты да. Браиловский киіп жүретін тақияның осындай жерде ерекше роль атқарғаны. Оған осылай сұрақ қойған кезде, ол үндемей қалған, кенет бір миссионердің: бұлар түріктер ғой,— дегені. Сөйтіп біз түрік болдық та шықтық.

Ху Цзин-и бізге жиі келіп тұрды. Ол бәріне де көңіл бөлетін. Тағы бірде бізге келді де, боқтай бастады. Аудармашы Васильев онан не болғанын сұрады. Ху Цзин-и: «Сіздер империалистердің қандай айуан екенін білесіздер ме? Олардың қыздары иіссумен шомылады екен!»— деп жауап берді. Соңынан анықтасақ, ол газеттен жарнама көріпті. Онда құбыр тұр да, қызметші әйел ваннаға аздаған иіссу сеуіп жатқан көрінеді. Осыдан кейін ол Батыста байлар иіссумен шомылады екен-ау... деген шешімге келіпті.

2-Ұлттық армияда болған кезімде менің шаруалар қозғалысы проблемасымен айналысуыма тура келді. Бұл 1925 жылдың мартында болған еді. Шаруалар қозғалысы жөнінде біздің арамызда мәселе қозғалмағанды, ал әңгіме бола қалса жалпылама ғана сөз ететінбіз. Бұл мәселемен нақты айналысуыма мына жағдай себеп болды.

Ол кезде Хэнаньда «Қызыл сүңгілер»⁶ белсенді қимыл жасап жатқан еді. Бірде Фань маған мынандай оқиғаны айтты: бірде «сүңгілер» Хэнаньның батыс бөлігіндегі кішкене қалашықты басып алған. Осының алдында мұнда 2-Ұлттық армия батальондарының бірі тұрғанды. Сірә, солдаттар жергілікті тұрғындарды қысымға алған болса керек. Әрең дегенде батальон командирі жағдайды қалпына келтіріп, «Қызыл сүңгілердің» бір тобын тұтқынға алған, олардан жауап ала бастаған.

Солдаттардың көзінше шаруа-көтерілісшілердің бірі

өзіне ешқандай оқ дарымайтынын айтады: «20 жыл бойына соғысып келемін, бірақ оқ тимей-ақ қойды».

Батальон командирі: «Сонда саған оқ өтпей ме?»— деп сұрайды. «Өтпейді!»— деп жауап береді ол. Бұдан соң командир маузерін көздеп тұрып, атып салады. Әрине, бірден тілтартпай кетеді. Осыдан кейін «сүңгілер» дегенмен оқ «өткеніне» көзі жетсе керек еді. Батальон командирі сол жерде олармен саяси сабақ өткізіп, қаруды қалай тазалауды, қалай күтіп-баптауды үйретеді, сонда ғана оның оғының әрқашан «өткіш» болатынын, т. б. айтады. Содан кейін басқа бір «сүңгіге» қарап: міне, сіздерді қалай алдап келген,— дейді. «Сүңгілер» ұялып қалған. Сол кезде олардың бірі батальон командиріне таяу барып: «Ол өлген жоқ»— дейді. «Қалайша өлген жоқ?!» Барлығын әбден «сендіру» үшін оларды атып өлтіреді.

Мен осы қайғылы оқиғаны естігеннен кейін, бір кездескенімде Ху Цзин-иге былай дедім: бұл қалай болғаны, Халық армиясының басшысы бола тұрып, мұжықтарға қамқорлық жасаудың орнына, оларды атқаны несі. Ху Цзин-и басында бұған нанған жоқ, сонда мен оқиға болған жерді айтып, тексеруін ұсындым.

Факт анықталды. Ху батальон командирін шақырып алды, өзінің бүкіл штабын жинады. Батальон командирі өзіне алғыс айтатын болар деген үмітпен келіп, жағдайдың қалай болғанын баяндады. Ху Цзин-и тыңдап тұрды-тұрды да, содан соң менің сөзімді қайталап: «Мұжықтарды неге атасың? Ұлттық армияны масқараладың ғой! Сен кімнің мүддесін қорғауға тиіссің?..» деп, ұрса бастады. Батальон командирі қалшылдап кетті, тізерлеп жалынды. Ху Цзин-и оны атып тастауға бұйырды. Менің араласуым немен тынғанын білгенімде өзімді өте қолайсыз жағдайда сезіндім, бірақ амал не?

1925 жылғы 1 май жақын қалды. Мерекеге әзірлік жүріп жатты. Фань зор белсенділік көрсетті. Осы кезеңде Чжэнчжоу кәсіпорындарының жұмысшылары арасында кәсіподақ ұялары пайда бола бастады. Мен бұл уақытта елді көп аралап, жұмысшылармен кездесіп жүрдім. Маған бұрынғы, 1923 жылдың өзінде талқандалған жұмысшы ұйымдарының⁷ өкілдері де келетін. Біз кәсіподақ туралы, оның қалыптасуы жөнінде, Бірінші майды мерекелеу жайлы әңгімелестік. Бұдан, белгілі дәрежеде, біздің жұмысымыздың нәтижесі көрінуге тиіс еді.

Осы жерде мынадай оқиға болды. Полиция бастығы Ху Цзиниге 1 майда жұмысшылардың бас көтермек екенін

мәлімдегенін маған хабарлады. Полиция бастығы бұрын У Пэй-фуда қызмет еткен адам болатын. Ху Цзин-иге мәлімдегенде ол: «Мен оларға көресісін көрсетемін!» деп жауап беріпті. Мұны естіген полиция бастығы басын қорғалауға көшіп: «Тоқтай тұр, алдымен өзіңнің орыс кеңесшілеріңмен сөйлес. Жұмысшылар соларға барып жүреді...» деген.

Дубань бір күні маған келіп, осы туралы әңгіме қозғайды. Мұның өзі қызықты әңгіме болды. Ол маған жұмысшылардың 1 майда бас көтеретіндігін айтты. «Бірақ, мен оларға көрсетемін!» Сонда мен былай дедім: «Сіз оларға не көрсете аласыз? Сіз кәдімгі милитарист екеніңізді көрсетесіз бе?» Сосын оған 1 майдың бізде және капиталистік елдерде қалай мерекеленетінін айтып, Бірінші май мерекесінің маңызын түсіндірдім.

Менімен әңгімеден кейін Ху Цзин-и: «Мен Бірінші майда бәрінің де бас көтерулеріне бұйрық беремін!» деді. Мен қарсы болдым: «Бұлай етуге де болмайды. Егер олардың жұмысты тастағысы келеді екен — тастасын, тастағысы келмей ме — тастамасын, бірақ бұйрық берудің керегі жоқ». Дегенмен ол бұйрық берген жоқ, полицияда да манифестанттарға қарсы еш шара қолданбады. Қайғында, Чжэнчжоуда, Хэнанның басқа да аудандарында Бірінші май митингілері ұйымдастырылды.

Чжэнчжоудың маңында жібек иіру фабрикасы болатын, мұнда негізінен әйелдер жұмыс істейтін. Мен осында жиналыс басталғаны туралы хабар алдым. Солшыл гоминьданшылардың бір шешені сөз сөйледі. Ол Францияда оқыған-ды. Міне, ол сөйлеп тұр, ал әйелдер үнемі қол шапалақтайды. Мен Фаньнан бұлар неге қол шапалақтай береді деп сұрадым. Ол көңілсіздеу ғана былай жауап берді: олар шешеннің әйел семьяда күндікте жүр, дұрысында олай болмауы керек, деген сөздеріне қол шапалақтайды.

Тағы да қол шапалақталды. Мәнісі не? Бақсақ шешен аяқты байлаудың қажеті жоқ, ауыртып аласыңдар,— деген екен. Ол осы ретпен сағаттан кем сөйлеген жоқ. Ол сөйлеп болғасын тағы да қол соғылды. Содан кейін жиналыс басқарып отырған әйел орнынан тұрып, қазір өздеріңіз білетін пәлен деген жұмысшы әйел сөйлейді деп хабарлады.

Зал қол шапалақтады. Кішкене ғана қарапайым қытай әйелі орнынан көтеріліп, дағды бойынша президиумға, әсіресе солшыл гоминьданшыларға иіліп тәжім етті. Оның сөзі минут жарымдай ғана уақыт алды. Ол соншалықты

жай, соншалықты қарапайым сөйлесгенімен солшыл гоминьданшының бір сағаттық сөзінен басым шықты.

Ол былай деді: «Міне (солшыл гоминьданшының аты-жөнін атап, оған иіліп тәжім етті) өте жақсы айтты. Мен шешен емеспін, сондықтан әйелдің орнын мұндай суреттеп бере алмаймын. Мен тек бірер сөз ғана айтқым келеді. Бізге 8 сағаттық жұмыс күні мен көбірек жалақы болса екен». Сіз осыдан кейін қандай қол шапалақтау болғанын естісеңіз!

...Ху Цзин-и күтпеген жерден 1925 жылдың апрелінде дүние салды. Ол мачжан ойнап жүріп, қолына шөгір кіргізіп алған. Бірнеше күннен соң қолы ісіп кетеді. Оның шетелдік достарының ішінен арасында хирургі бар миссионерлерді шақырады. Хирург операция жасауды ұсынады, осыдан кейін генерал қайтыс болды.

Бұл біз үшін де, Қытайдың солтүстігіндегі революциялық-демократиялық қозғалыс үшін де ауыр қаза еді. Ху Цзин-идің тағдыры қайшылықтарға толы болатын. Ол 1911 жылғы революцияға, шаруалардың «Ақ қасқыр көтерілісіне»⁸ қатысты. Онан кейін Хунхуз бандыларына қосылды, өкімет орындары қолға түсіріп, түрмеге отырғызды. 1921 жылы оны Фэн Юй-сян босатып алып, өзіне қызметке алды. Ху тез жоғарылады, ақырында Хэнань дубані дәрежесіне жетті.

Ху Цзин-иді жерлеу бірнеше күнге созылды. Сосын мүрдесін Чжэнчжоуга алып кетті. Мен оны бірге апарыстым. Халық өте көп болды, өйткені қытай дәстүрі бойынша өлім адамдарды татуластырады, тіпті жауы да, қарсыласы да өз өкілдерін жібереді. Мүрде салынған поезд Чжэнчжоуга таялғанда оркестрлер... фокстрот ойнады. Жерлеуге қатысқан миссионерлер көңілді еді, тіпті музыка ырғағына ілесіп ептеп билеп те қойды... Бірақ біз үшін Ху Цзин-идың қаза-сы ауыр соқты.

Осыдан біраз уақыт өткеннен кейін мен Қараханнан қалған басшылардың ішінде кімге арқа сүйеуге болады деп сұрағанымда, ол дивизиясы Лоян маңына орналасқан Юэ Вэй-цзюньға⁹ деп жауап берді. Ол ер жүрек адам болатын, бірақ Ху Цзин-идің жақын серіктерінің бірі бола тұра тіптен де саяси қайраткер емес-ті¹⁰...

Автор туралы қысқаша мәлімет: А. Я. Климов (1898—1970)— 1918 жылдан КПСС мүшесі, Қиыр Шығыстағы революциялық қозғалысқа және азамат соғысына қатысушы. Бірнеше рет тұтқынға алынды, ақтардың тылында жасырын жұмыс жүргізді. Владивосток кәсіподақтары орталық бюросының председателі, Приморье Революциялық штабтың секретары болды. Коминтерн ІІІ конгресінің жұмысына қатысты. Фрунзе атындағы Академияның шығыс бөлімін бітіргеннен кейін Қытайда (1924—1927), әуелі 2-Ұлттық армияның кеңесшісі, кейін Қалганда консул болып жұмыс істеді. Қытайдан қайтып оралғаннан кейін Қиыр Шығыста кәсіподақтардың Тынық мұхит секретариатын басқарды, кейіннен Сыртқы істер министрлігіне жұмысқа ауысты. Соңғы жылдары ғылыми-оқытушылық қызметте болды. Тарих ғылымының кандидаты.

А. Я. Климовтың естелігі оның 1964 жылдың январында Соғыс ардагерлерінің советтік комитетінде сөйлеген сөзінің стенограммасы бойынша қалпына келтірілді.

¹ Пу И (1906—1967)— XVII ғасырдың орта шенінен бастап Қытайға өктемдік жүргізген және 1911—1913 жылдардағы буржуазиялық революция кезінде тақтан тайдырылған маньчжуриялық Цин династиясының соңғы императоры (ұраны — Сюаньтун). Соңғы жылдары әртүрлі милитаристік топтардың асырауында болды. 1923 жылы Солтүстік-Шығыс Қытайды жапон империализмі басып алғаннан кейін, жапондықтар Пу Иді «жоғарғы әмірші», көп кешікпей Маньчжоу-го қуыршақ мемлекетінің императоры деп жариялады. 1945 жылғы августта Квантун армиясы талқандалғаннан кейін совет әскерлері Пу Иді тұтқынға алып, ол бес жылға жуық уақытын әскери тұтқын ретінде Совет Одағында өткізді. 1950 жылдың июлінде Пу И өзінің нөкерлерімен және бұрынғы Маньчжоу-го қуыршақ үкіметінің мүшелерімен бірге, Қытай Халық Республикасына оның өтініші бойынша қайтарылды. Қараңыз: «Менің өмірімнің алғашқы жартысы. Қытайдың ақырғы императоры — Пу Идің естелігі» (М., 1968, қытайшадан аударылған).

² А. И. Геккер туралы толығырақ қараңыз: А. В. Б л а г о д а т о в, Қытай революциясы туралы жазбалар. 1925—1927, М., 1970, 20—21-беттер.

³ Л. М. Қарахан (1889—1937)— көрнекті совет дипломаты, 1924—1926 жылдары Қытайдағы өкілетті өкіл. Толығырақ қараңыз: М. С. К а п и ц а, Лев Қарахан,—«Көрнекті совет коммунистері — Қытай революциясына қатысушылар» жинағында, М., 1970, 5—21-беттер.

⁴ Ху Цзин-и Ұлттық армия басшылары ішінен алғашқылардың бірі болып СССР-ден көмек сұрады. 1924 жылғы декабрьдің аяғында осы генерал Л. М. Қараханды өзінің Қайфындегі резиденциясына келіп кетуге шақырды. Содан кейін ол келіссөздер жүргізу үшін елшіге ресми делегация жіберді. Бұл делегацияның құрамына коммунист Ли Да-чжао кірді.

⁵ Лоянды алу қытай армиясының, совет мамандарының көмегімен жеткен Қытайдың солтүстігіндегі алғашқы жеңісі болды. Ху Цзин-и осы жеңісті хабарлап Сунь Ят-сеннің жеке өзіне телеграмма жолдады.

⁶ «Қызыл сүңгілер» 20-жылдардың басында милитаристердің озбырлығына қарсы күресте өзін-өзі қорғайтын деревнялық ұйым ретінде пайда болды. Дәстүрлі құпия қытай секталары мен одақтарының көптеген әдеттері оларға тән еді. Атап айтқанда, ұйымға кірушілер арнау-

* Осы және бұдан былайғы ескертулер жауапты редактордікі

лы жаттығудан өтті — құдайға жалбарынды, ішірткі салынған салқын су ішті, дене шынықтырумен айналысты. Осындай даярлықтан кейін одақтың мүшесі көнбіс болып есептелетін.

«Қызыл сүңгілер» мен Хэнандағы 2-Ұлттық армияның арасындағы қатынас Ху Цзин-идің орнына тұрған генерал Юэ Вэй-Цзюнь Чжан Цзо-лимен соғысқа әзірленіп, төтенше салық пен еріксіз тапсырма енгізген 1925 жылдың январында «Қызыл сүңгілердің» 2-Ұлттық армияға қарсы бас көтеруіне әкеліп соқты, ал мұның өзі Солтүстік Қытайдағы саяси күреске елеулі әсерін тигізді.

⁷ 1923 жылдың февралында У Пэй-фу кәсіподақтарды қиратып, Пекин — Ханькоу темір жолындағы жұмысшы ереуілін тұншықтырды.

⁸ Тарихи әдебиетте «Ақ қасқыр көтерілісі» деген атпен белгілі Бай Лан басқарған көтеріліс (1912—1914) — шаруалардың Хэнань провинциясында 1912 жылдың жазында басталған антифеодалдық және антиимпериалистік көтерілісі. Көтеріліс цин династиясы құлатылғаннан кейін қытай деревнясындағы тап күресінің шиеленісе түскенінің айғағы болды. Бара-бара ол Юань Ши-кай диктатурасына қарсы бас көтеруге ұласты. 1914 жылғы августа күшпен басылды. Толығырақ қараңыз: Е. А. Беловтың «Қытайдағы Бай Лан басқарған шаруалар көтерілісі (1912—1914 ж.)» атты мақаласы, — «Вопросы истории», 1960, № 2, 167—180-беттер.

⁹ Юэ Вэй-цзюнь — 2-Ұлттық армия генералдарының бірі, кейін осы армияның қолбасшысы және Ху Цзин-и қайтыс болған соң Хэнань провинциясының дубані болды. 1926 жылдың февралында 2-Ұлттық армия У Пэй-фудің әскерлерінен жеңіліске ұшырап, жойылды.

¹⁰ Осы жерге келгенде А. Я. Климовтың жазбалары бітпей қалған.

ФЭН ЮЙ-СЯННЫҢ АРМИЯСЫНДА

Мен Қытайға 1925 жылдың апрелінде келдім. Москвада біздің топты В. К. Путна¹ даярлады. Ол тек мені ғана емес, өзінің карамағына жібергендердің барлығын да қабылдады. Бұл іспен Путнадан басқа А. Я. Лапин² де айналысты. Ол штаб бастығының міндетін атқарды.

Сапарға даярлау бірнеше айға созылды. Путнаның 10-бы Москвадан екі бөлініп жіберілді. Бір партия Маньчжурияға кетті, ал екіншісі Улан-Батор арқылы жүрсін болды. Мен екінші партияға іліктім.

Жол оңай болған жоқ. Улан-Удэге (ол кезде Верхнеудинск) дейін Москва — Владивосток экспресімен келдік. Транспорттың жоқтығынан Верхнеудинскіде бір апта кідірдік. Онан әрі шанамен аттандық. Аяз қатты болды, кейбіреулер аяғын үсітіп алды. Біз Улан-Баторға шамамен бесінші-алтыншы тәулікте жеттік.

Улан-Баторда тағы да он күн кідірдік. Мұнда да көлік мәселесі алға тартылды — бізге Гоби шөл даласын басып өтуімізге тура келді. Кейбіреулер, ойын-шыны аралас, түйе керуенін жабдықтауды ұсынды. Бірақ, бұл ұсыныс қабылданған жоқ. Машинамен шығуға бел байладық. — Улан-Батор мен Қалган аралығында автомобиль жолы болатын. Бірақ біздің бүкіл тобымызды бірден алып жүру көзделді, өйткені бұл жерде жол бойында ақгвардияшыл бандалар жүргендіктен, бұл қауіпсіз болатын, сондықтан алғашында автомобильдер жетіспеді.

Кешікпей жеткілікті мөлшерде машина тауып алдық та, бүкіл Гоби шөл даласын басып өтіп, монғол-қытай шекарасына жеттік. Шекараға таяу жерде бізді онан әрі бірге жүру үшін Фэн Юй-сян арнайы жіберген отряд қарсы алды. Қытайлықтар ақгвардияшылардың жолшыбай бізді қолға түсіруге әрекет жасауы мүмкіндігі туралы мәлімет алған екен. Бірақ ондай ештеңе болған жоқ. Рас, біреу алысырақта әлдекімдердің ерсілі-қарсылы жүргенін көрді, бі-

рақ олардың қандай адамдар екенін біле алмай-ақ қойдық. Эскорттың ілесіп жүруімен біз Қалғанға жеттік. Бұл кезде мұнда маршал Фэн Юй-сянның ставкасы орналасқан-ды.

1-Ұлттық армияда болған алғашқы күндерімізде біздер — саяси қызметкерлер немен айналысуымыз керек деген мәселе тұрды алдымызда. Анығын айтқанда Фэн Юй-сян армиясында, маршалдың өзі ұстанатын христиан дінін насихаттаудан басқа ешқандай саяси жұмыс жүргізілмейтініне көзіміз жетті. Әскери бөлімдерде миссионерлік топтар ұйымдастырылған. Солдаттар елең-алаңнан құдайға құлшылық етумен оянып, ұйқыға кетер алдында аят оқитын. Миссионерлер солдаттардың санасына христиандық моральді сіңірумен болды.

В. К. Путна бізді Фэн Юй-сянға таныстырып, бұлар саяси жұмысты ұйымдастырудың және жүргізудің мамапдары болып табылады дегенде, маршал табан аузында былай деп жауап берді: «Демек, сіздер біздің солдаттарды сауаттандырғыларыңыз келеді екен ғой? Жалпы бізде бұл іспен айналысамыз». Ол қоңырау түймесін басып еді, біреу жетіп келді. Маршал оған бірдеңе деп сыбырлап еді, бірнеше минуттан кейін бөлмеге 2—3 адам келіп кірді. Бұлар дін адамдары болып шықты. Фэн Юй-сян былай деді: «Бізде сіздер айналысқалы отырған жұмысты жүргізетіндер, міне мына адамдар». Біз бұдан олардың біздің көмегімізге зәру емес екенін түсіндік. Оларға саяси қызметкерлер емес, байланысшы, артиллерист, жаяу әскер кеңесшілері керек екен.

Соған қарамастан Путна қайткенде де бізді осында қалдыруға әрекеттенді және 1-Ұлттық армияның кейбір ірі құрамаларында гарнизондық клубтар ұйымдастыруға, оларда «бұрынғы жүргізіліп келгенге қосымша» біздің жоспарымызға сай саяси жұмыстарды жүзеге асыруға келісті.

Бұл клубтарда бұрыннан-ақ, өздерінің компартияға қатысы бар екенін жасырғанымен, қытай коммунистерінің белсенді жұмыс жүргізіп келгенін айтуымыз керек. Біз, Десятченко, Бакулин және мен, ақыр аяғында бұл клубтарға барып, қолдан келген көмегімізді көрсетуге мүмкіндік алдық.

Біздің алдымызға бірден-ақ жұмысты педен бастау керек және қай бағытта жүргізу керек деген мәселе қойылды. Өйткені біз өте жас болатынбыз әрі тәжірибеміз де көп емес-ті.

Қажетті кеңес және нұсқау алу үшін біз, В. К. Путнаның

рұқсатымен, Пекинге бардық. Коминтерннің Қытайдағы өкілі болған Г. Н. Войтинский бізбен әңгімелесті³. Ол бізге көп көмек көрсетті. Войтинскийдің көмегімен біз Қытай Компартиясының негізін қалаушылардың бірі Ли Да-чжаомен таныстық⁴. Осы бір жүзі жылы адаммен біздер талай рет кездестік.

Алғашқы әңгімеде-ақ Ли Да-чжао біздің Фэн Юй-сян армиясында саяси жұмысты біз ойлағандай ойдағыдай жолға қоя алатынымызға сене алмайтындығын айтты. Бірақ, қалай болғанда да, біз атқаратын жұмыстың бәрі ортақ іске пайдасын тигізеді. «Сіздер баратын клубтарда, — деді ол — өздеріңізді тыңдайтындардың барлығына Қызыл Армияда саяси жұмыстың қалай ұйымдастырылғанын айтыңыздар. Сіздер Қызыл Армия саяси қызметкерлерінің басшылыққа алатын программасы туралы айтуға тиіссіздер, бұдан олар өздеріне мейлінше мол пайда алатын болсын. Осының өзі де жаумен күресудің бір әдісі, тиімді және маңызды әдісі».

Ли Да-чжао біздің тыңдаушыларымыз негізінен офицерлер болатынын, ал солдаттарға үміт артудың қиынға соғатынын алдын ала ескертті. Тіпті, Фэн Юй-сян армия бойынша бұйрық шығарған күнде де, деді ол, мұны дивизия командирлері өздерінше түсініп, сіздерді солдаттар арасына жібермеуге тырысқан болар еді.

Ли Да-чжаоның бұл болжамы көп кешікпей-ақ толық дұрысқа шықты. Фэн Юй-сян тиісті бұйрық берді, ал оның штабының бастығы, барып тұрған реакцияшыл генерал Чжан Чжи-цзян біздің тиімді жұмыс істеуімізге барынша кедергі жасап бақты. Бұл оның қолынан келетін еді. Дивизия командирлерінің қайсысымен сөйлессе-ақ болды, ол мұның тапсырмасын іске асыра бастайды. Осыдан келіп біздің мүмкіндігіміз азайды.

Біз осылай айға жуық жұмыс істедік.

Ақыр аяғында біздің 1-Ұлттық армияда болуымыздың пайдасыздығына көзі жеткен В. Ю. Путьна бізге Пекинге кетуді ұсынды.

Сірә, біздің кетуімізге байланысты болса керек, Фэн Юй-сян қабылдау ұйымдастырды. Бұл әдеттегі қытайлық қонақасы еді, алайда бір оқиғаға байланысты ол менің жадымда қалыпты. Қонақасы біткеннен кейін, біз аудармашылармен бірге көрші бөлмеге шыққанымызда, осында саяси карта пайда болғанын аңғардық. Біз ойламаған жерден бұл картаның неліктен іліне қалғанын сұрадық. Аудар-